**«КЕЛІСЕМІН»**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
І Вице-президенті ____________ Женгиз Томар
«09» ____10____ 2020 жыл

**«БЕКІТЕМІН»**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
президенті ____________ Б. Абдрасилов
«__» ____10____ 2020 жыл

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

***УЕ-ХҚТУ-038-2020***

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КВОТАСЫНАН БОСАҒАН ОРЫНДАРҒА АУЫСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Әзірлегендер | - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов<br>- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Б.Шен<br>- Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының басшысы Д. Джаякбаева |
| 3. | Келісілді | - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов<br>- Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова<br>- Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент П.Пилтен<br>- Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент Ә.Абуов<br>- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев<br>- Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Мусаханов |
| 4. | Енгізілді | - 2020 ж. |
| 5. | Тексерілу мерзімі | - 2022 ж. |

Қызметтік қолданыс үшін басылым
Түркістан - 2020

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "01" 02 2024ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "01" 02 2026ж.
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "31" 01 2022ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "31" 01 2024ж.
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Сапа менеджментінің ЖҰМЫС ДАНАСЫ "21" 11 2020ж.

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1. | Қолданылу саласы | 3 |
| 2. | Нормативтік сілтемелер | 3 |
| 3. | Атаулар, анықтамалар және қысқартулар | 4 |
| 4. | Жауапкершілік және өкілеттілік | 4 |
| 5. | Босаған білім беру гранттары мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген білім беру гранттарына ауыстыру | 4 |
| 6. | Түркия Рсепубликасы квотасынан босаған орындарына ауыстыру | 5 |
| 7. | Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген білім алушыларды Қазақстан Рсепубликасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген босаған грант орындарына ауыстыру | 6 |
| 8. | Өзгерістерді енгізу тәртібі | 7 |
| 9. | Келісу, сақтау және тарату | 7 |
| 10. | Танысу парағы | 9 |
| 11. | Өзгерістерді тіркеу парағы | 10 |

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мемлекеттік тапсырыс бойынша берілген білім гранттарынан, жергілікті бюджет қаражат есебінен білім беру гранттарынан, Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген білім алушылардың Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген гранттан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға білім алушыны ауыстыру шарттарын анықтайды.

1.2 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мемлекеттік тапсырыс бойынша берілген білім гранттарынан, жергілікті бюджет қаражат есебінен білім беру гранттарынан, Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген білім алушылардың Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген гранттан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға білім алушыны ауыстыруды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мемлекеттік тапсырыс бойынша берілген білім гранттарынан, жергілікті бюджет қаражат есебінен білім беру гранттарынан, Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген білім алушылардың Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген гранттан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға білім алушыны ауыстыруды ұйымдастырушы және өткізуші құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-038-2020 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2012 жылғы 28 наурыздағы жарғысы;

– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің шешімдері;

– «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысымен бекітілген (2019 жылы 07 ақпандағы №39 қаулысымен өзгерістер енгізілген) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы қағидалары;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы бұйрықтары;

– УЕ ХҚТУ-027-2020 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі;

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

| | |
|---|---|
| Университет | -Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; |
| УЕ | - Университет ережесі; |
| СМЖ | - Сапа менеджмент жүйесі; |
| СРСО | - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы; |
| АМЖД | - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент; |
| АК | ~~- Академиялық Кеңес;~~ |
| ТТЕ | - Түркі тілдес елдер |
| ЖАО | - Жергілікті атқарушы орган |

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Академиялық комитетте талқыланып, Сенат мәжілісінде бекітуге ұсынылды.

4.2 Университеттің осы ережеде көрсетілген талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры жауапты болып табылады.

4.3 Осы ереже алғашқы ресми бекітілген күнінен кейін күнтізбелік бес күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

## 5. БОСАҒАН БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН БЕРІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫНА АУЫСТЫРУ

5.1 Университеттің жоғары білім алу бағдарламалары бойынша босаған білім гранттарына ұсыну жазғы және қысқы демалыс кезеңінде конкурстық негізде, мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

5.1.1 Мемлекеттік тапсырыс негізінде берілген гранттан және жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген білім беру грантынан босаған орынға үміткерлер болып табылатын Түркия Республикасы квотасында немесе ақылы негізде оқитын білім алушылар тарапынан, университет басшысына, білім беру гранты бойынша оқуға ауысуға өтініш беріледі.;

5.1.2 Университет басшылығы тіркеуші офисі тарапынан берілетін барлық оқыту кезеңі бойынша алынған орташа үлгерім балдарын (GPA) ескере отырып, Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің ұсынысы бойынша, оқу үлгеріміне қарай, түскен жылын ескере отырып, даярлау бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, нысандары мен мерзімдері бөлінісінде, барлық оқыту кезеңі бойынша академиялық пән қарызы жоқ білім алушылардың құжаттарын конкурстық негізде қарайды.

5.1.3 Босаған білім беру гранттары мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген білім беру грантын алуға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуына болатын жағдайда І және ІІ топтағы мүгедектердің, жеңілдіктері мен

кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар білім алушылардың басым құқығы бар. Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның жоғары орта балдары бар тұлғаларға беріледі. Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балы ескеріледі.

5.1.4 Конкурстық негізде қаралған білім алушылардың құжаттары университет Сенат шешімімен бірге ағымдағы жылғы 5-тамыз бен келесі жылғы 15-қаңтарға дейін мерзімде шешім қабылдау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органға және ЖАО комиссиясына жіберіледі. Білім алушылардың өтінішіне қоса үміткердің транскриптін, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және жоғары оқу орнынан оқудан шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса жіберіледі.

5.2 Білім беру саласындағы уәкілетті орган және ЖАО комиссиясы түскен жылын ескере отырып, даярлау бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, нысандары мен мерзімдері бөлінісінде құжаттарды қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады.

5.3 Білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы мен білім беру гранты және ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік негізінде университет басшылығы білім беру грантына ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

## 6.ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КВОТАСЫНАН БОСАҒАН ОРЫНДАРҒА АУЫСТЫРУ

6.1.Университеттің Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауысу, оқу үлгеріміне қарай конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1)Түркия Республикасы квотасы бойынша босаған бос орындар білім беру бағдарламалары мен курс бөлінісінде саны көрсетіліп университет сайтында жарияланады;

2)күндізгі бөлімде, ақылы негізде оқитын білім алушы университет басшысының атына Түркия Республикасы квотасы бойынша оқуға ауысуға өтініш береді;

3)университет басшылығы өтінішті конкурстық негізде қарайды;

4)конкурстық комиссияға білім алушының өтініші мен бірге факультет Ғылыми кеңесінің шешімімен, үміткердің транстриптінен үзінді, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, босаған Түркия Республикасы квотасы туралы бұйрық көшірмесі ұсынылады.

6.2.Университет басшылығы университет президенті бұйрығымен құрылған арнайы комиссияда (бұдан әрі-комиссия) түскен жылын ескере отырып, оқитын білім беру бағдарламасы, мерзімдері бөлінісінде оқу үлгеріміне қарай GPA 3,00 және одан жоғары, академиялық қарызы жоқ (барлық оқу кезеңінде), ақылы негізде білім алатын білім алушының өтінішін оқу жылына екі рет, күзгі семестрде қазан айында, көктемгі семестрде ақпан айында қарайды. Қажет болған жағдайда комиссия кезектен тыс отырыс өткізуі мүмкін.

6.3. Ереженің 6.2. тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес білім алушы болмаған жағдайда комиссия Тіркеуші офисі тарапынан берілетін барлық оқыту кезеңі бойынша алынған орташа үлгерім балдарын (GPA) негізге ала отырып, университеттегі барлық мамандарды даярлау бағыты көлемінде конкурстық негізде қарайды.

6.4. Университеттің Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарына ауысуға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуына болатын жағдайда I және II топтағы мүгедектердің, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар білім алушылардың басым құқығы бар. Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның жоғары орта балдары бар тұлғаларға беріледі. Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балы ескеріледі.

6.5.Курстағы жалпы квотаның 1%-ын Өкілетті Кеңес төрағасы, 1%-ын университет президенті 6.1,6.2,6.3,6.4, тармақтары талаптарын ескермей отырып, үлгеруші, ақылы оқитын білім алушыларды конкурстан тыс, өз шешімдерімен бұйрыққа ұсына алады.

6.6.Комиссия хаттамасы негізінде университет басшылығы Түркия Республикасы квотасын беру туралы бұйрық шығарады.

## 7. ТҮРКІ ТІЛДЕС РЕСПУБЛИКАЛАР МЕН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДАН КЕЛГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРАПЫНАН ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР (ТТЕ) ҮШІН БЕРІЛГЕН ГРАНТ ОРЫНДАРЫНА АУЫСТЫРУ

7.1.Университеттің Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген білім алушылардың Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген босаған грант орындарына ауысуы конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1)Факультеттерде босаған ТТЕ грант орындарына, босаған күннен кейінгі 15 күн ішінде факультет деканы тарапынан жоғары оқу орны басшысының атына ұсыныс беріледі. ТТЕ грантына үміткер болу үшін білім алушы Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келіп ТТЕ ақысыз немесе ақылы негізде білім алатын және GPA балы, 1 курстың 1-ші семестрі үшін түсу емтихан балы, дайындық курсы тыңдаушылары үшін ағымдық бағалары ең жоғары болуы тиіс. Егер GPA балы ең жоғары болып, толық оқу мерзімінде «F; қанағаттанарлықсыз» деген бағасы бар болған жағдайда, сонымен қатар соңғы академиялық мерзім ішінде визалық тәртіпті бұзуға жол берген жағдайда, сол білім беру бағдарламасында немесе дайындық бағыты бойынша үміткерлерден GPA балы жоғарысы немесе ең жоғарысы қатыса алады. Факультет деңгейінде мұндай білім алушы болмаған жағдайда, университет деңгейінде қарастырылады.

2)Университет басшылығы өтінішті конкурстық негізде қарайды, білім алушының өтінішіне факультет ғылыми кеңесінің шешімімен қоса факультет деканының ұсынысы, үміткердің транскрипті және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ босаған ТТЕ грант орындары туралы бұйрық көшірмесі қоса тіркеледі.

7.2.Университет басшылығы түскен жылын ескере отырып, оқыту білім беру бағдарламасын, нысандары мен мерзімдері бөлінісінде, мұндай білім алушы болмаған жағдайда келесі көрсетілген реттегі басымдықпен факультеттегі мамандарды дайындау бағыты бойынша, жалпы факультет, университет көлемінде конкурстық негізде

қарайды.Мәселе оң шешілген жағдайда ТТЕ грант орындарына ауысу туралы бұйрық шығарылады.

7.3.Босаған ТТЕ грантына ауысатын, ТТЕ ақысыз және (немесе) ақылы оқитын Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген білім алушы болмаған жағдайда, босаған ТТЕ гранты университетте басқа шет мемлекеттерден келіп ақылы білім алатын білім алушылар арасында келесі көрсетілген реттегі басымдылықпен факультеттегі мамандарды дайындау бағыты бойынша, жалпы факультет, университет көлемінде конкурстық негізде қарайды. Мәселе оң шешілген жағдайда ТТЕ грант орындарына ауысу туралы бұйрық шығарылады.

7.4.Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар өкілдері (ТТЕ) үшін берілген мемлекеттік грант орындарына ауысуға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, дайындық бөлімінде оқып келген білім алшуылар үшін қорытынды емтихан нәтижесі (GPA) жоғары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылардың, медициналық-әлеуметтік сараптамасының қорытындысына сәйкес, тиісті білім беру ұйымдарында оқуына болатын жағдайда I және II топтағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің, үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар білім алушылардың басым құқығы бар. Балл көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның жоғары орта балы бар тұлғаларға беріледі. Балл көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балы бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балы ескеріледі.

7.5.Босаған ТТЕ грантына ауысатын шет мемлекеттерден келіп ақылы білім алатын білім алушылар болмаған жағдайда, босаған ТТЕ гранты ҚР Білім және ғылым министрлігіне қайтарылады.

7.6.Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген білім алушылар Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстырылмайды.

## 8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3- 2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

## 9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесі Академиялық комитетте талқыланады және Сенат мәжілісінде бекітіледі.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, Тіркеуші офисі.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-на сақтауға беріледі.

**КЕЛІСІЛДІ**

| | |
|---|---|
| Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент | Ө.Үмбетов |
| Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент | Ш.Есимова |
| Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент | П.Пилтен |
| Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент | А.Абуов |
| Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы | Г.Мусаханов |
| Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы | Ж.Дәрібаев |

**Қосымша А**

*Ф-СМБ-004*

**ТАНЫСУ ПАРАҒЫ**

| № | Аты-жөні | Қызметі | Мерзімі | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Г. Қолдасбеков | Тіркеуші офис басшысы | 10.02.2022 | [signature] |
| 2. | Н. Балтабаева | Басшы орынбасары | 10.02.2022 | [signature] |
| 3. | Г. Толыбай | Әдіскер | 10.02.2022 | [signature] |
| 4. | А. Махабаева | Әдіскер | 10.02.2022 | [signature] |
| 5. | А. Асенова | Әдіскер | 10.02.2022 | [signature] |
| 6. | М. Мырзахасов | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 7. | Г. Түлемисова | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 8. | А. Нурисибек | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 9. | Б. Есенбеков | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 10. | А. Молдабай | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 11. | Э. Жанатова | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 12. | М. Кенесбай | Офис-менеджер | 10.02.2022 | [signature] |
| 13. | М. Бұлдарық | Жетекші маман | 10.02.2022 | [signature] |
| 14. | М. Бейсенова | Жетекші маман. | 10.02.2022 | [signature] |
| 15. | Әбиков М. | Офис менеджер | 15.08.2022 | [signature] |
| 16. | Маханбет М. | офис менеджер | 05.09.2022 | [signature] |
| 17. | Заит З | маман | 31.11.2022 | [signature] |
| 18. | Бұлдарық М | Тіркеуші офис мен | 31.11.2022 | [signature] |
| 19. | Г. Шинтемирова | Әдіскер. | 13.04.22 | [signature] |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

**Қосымша Б**

***Ф-СМБ-002***

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

| № Р/с | Өзгеріс енгізу туралы шешім | | Парақ нөмірі | | | | Қағаз саны | өзгерістерді енгізу мерзімі | Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құжат | № бұйрық | өзгертілген | Ауыстырылған | Жаңа | Есептен шығарылған | | | Аты-жөні | Қолы |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**2018-2019 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

**№9 хаттамасынан көшірме**

**Түркістан қаласы** **31 мамыр 2019 жыл**

Сағат – 11:00

**Ректорат, СЕНАТ залы**

**Қатысқандардар:** 39 сенат мүшелерінен – 36, кафедра меңгерушілері мен құрылымдық бөлім басшылары

**Регламент:** Негізгі баяндамашылар үшін – 10-15 минут.
Әртүрлі мәселелер үшін 3-5 минут.

---

**Күн тәртібі:**

**3. Әртүрлі мәселелер.**

**3.20.19 Университеттің «Кадр саясаты» мен «Адемиялық саясатын» және университет ережелерін бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.20.19 Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының ережесі (*УЕ-ХҚТУ-098-2019)* бекітілсін *(Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов).*

**Сенат төрағасы** **Б.Абдрасилов**
**Сенат хатшысы** **М.Асанова**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
СЕНАТЫ
Көшірме дұрыс
Сенат хатшысы

**М.Асанова**

Ф-ББ-001/007

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**2020-2021 оқу жылындағы Сенат мәжілісі**

## №3 ХАТТАМАДАН КӨШІРМЕ

**Түркістан қаласы** **09 қазан 2020 жыл**

Сағат – 15:00 жұма

**Онлайн**
**Қатысқандар:** Сенат мүшелері, кафедра меңгерушілері

---

**Күн тәртібінде:**
3. Әртүрлі мәселелер.

**3.4. Университет Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бекіту туралы**

Мемлекеттік білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру туралы Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ашық дауыс беру бойынша **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Мемлекеттік білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру туралы Ережесі **(3-қосымша)** өзгерістер мен толықтырулар арқылы қайта бекітіліп, 2019 жылдың 25 маусымдағы кезектен тыс сенатының 3.2-шешімінің (5-хаттама) күші жойылсын *(Жауапты: Академиялық мәселелер департаментінің директоры Т.Ж.Ниязов).*

**Сенат төрағасы** **Б.Абдрасилов**
**Сенат хатшысы** **М.Асанова**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
СЕНАТЫ
Көшірме дұрыс
Сенат хатшысы

**М.Асанова**